



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



*Әдебиеттанушы-ғалым,
Қазақстанның құрметті педагогы,
«Білім беру саласының үздігі»,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдасстырылған профессор*
ҚАЛҚАБАЕВА СӘЛИМА ӘБДІРАМАНҚЫЗЫНЫҢ
60 ЖАСҚА толуына арналған
**«ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ
МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»**
*атты республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн
конференциясының материалдары*

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ МЕН
ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік
конференцияның материалдары**

Алматы
Қазақ университеті
2021

Жауапты редактор:
ф.ғ.д., доцент *Г.Ж. Болатова*

Құрастырушылар:
ф.ғ.д., доцент *Г.Ж. Болатова*
Ж. Әзімханова, Б. Молдағали

«Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 373 б.

ISBN 978-601-04-5834-5

Жинаққа 2021 жылдың 25 қарашасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде өткен «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және көпшілік оқырман қауымға арналған.

Г.Ж. ОРДА

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
Алматы қаласы*

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМДАР ТУРАЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОРТРЕТТЕР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті Сәлима Қалқабаеваның 2019 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Көркем шығарма поэтикасы» атты монографиясы қолымызға тиді. Монографияны оқып шыққанда ойымызға мынадай мәселелер оралды.

Олардың біріншісі – кандидаттық диссертациясын Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығынан қорғаған ұстаз-ғалымның күні бүгінге дейін сол тақырыпты жан-жақты қаузап зерттеуі. «Туындыгер және даралық» атты бірінші бөлімде майдангер жазушының «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Махаббат, қызық мол жылдар» романы мен «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Тоғыз толғау» повестері зерттеу нысанына алынған. Зерттеуші майдан даласында қағазға түскен шығармаларда тарихи деректер мен құжаттардың көптеп кездесетіндігіне назар аударған. Жиналған факты, дерек, құжаттардың негізінде болашақ қаламгердің шығармашылығы очерк, публицистикамен қалыптасқандығын тілге тиек етеді. Ол жөнінде: «Қаһармандық рухтағы «Ақиқат пен аңыз» романы мен «Тоғыз толғау», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Невель түбінде», «Великие Луки ұрыстары» т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған» [1, 15], – деген тұжырым жасап, жазушының естелік, күнделік, хаттарды көркем шығармаларында тиімді пайдаланғандығын жан-жақты тарата сөз еткен.

«Көңіліме шуақ қалдырған асыл бейне», «Қос тұлғаның құрметі» естелік мақалаларында ұстазы Тұрсынбек Кәкішұлы мен халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың арасындағы шығармашылық байланыс пен рухани жақындықтың шәкірттеріне

ұласуын қызықты баяндағанына қарап отырып, бұл арыстардың С. Қалқабаева өмірінен алатын мәнін түсінуге болады.

Екінші көзге түскен мәселе – автордың білім нәрімен сусындатқан, бірге қызмет істеген ұстаздарының еңбектеріне деген құрметі. Оны «Көркем туынды және шығармашылық тұлға» деп аталатын екінші бөлімдегі «Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-әдеби шығармашылығы» мен «Поэтика саласындағы зерттеулер» атты үшінші бөлімдегі «Поэтика саласын зерделеген ғалым», «Ғалым танымының көкжиегі», «Болмысты герменевтикалық тұрғыдан тану», «Т. Кәкішевтің әдебиет тарихы хақындағы зерттеулері», «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы», «Халықпен ғұмырлас рухани мұраны зерделеген ғалым», «Жанртану жайындағы жаңа еңбек», «Әдебиет пен топонимика байланысын зерттеген ғалым», «Тәлімді ұстаз, білімді ғалым» т.б. мақалаларынан көруге болады.

Олардың ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары академик З. Қабдолов, көрнекті әдебиеттанушы ғалымдар – Т. Кәкішев, Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдезұлы, З. Сейітжанов, Р. Әбдіқұловалармен бірге А. Пангереевтің зерттеулерін ғылыми саралаған мақалалар бар.

«Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-әдеби шығармашылығы» мақаласында ғалымның М.Әуезов туралы роман-эссесі туралы: «Әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерген халқымыздың саңлақ суреткері, ғұлама ғалым М. Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылық өнерін зерттеп, дәріптеуге сан жылғы ғалымдық ізденісі мен жазушылық еңбегін, күллі ұстаздық ғұмырын арнаған академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние», – дейді [1, 125].

Жазушының «Абай жолы» эпопеясындағы образдар галереясы туралы пікірлерін айта келіп, Ғазиза, Қарагөз, Тоғжан образдары қазақ қыздарының сұлулық символына айналса, өмірде тағдыр қосқан үш әйелінің үш түрлі көркем туындысын – Кәмиланың «Қарагөзді», Райхан мен Валентинаның «Үйлену» мен «Сөніп-жануды» – жазуына себепкер болғаны туралы қызықты дерек келтірілген.

«Т. Кәкішевтің әдебиет тарихы хақындағы зерттеулері» мақаласында ғалымның әдебиеттануға қосқан үлесі ғылыми сараланған. Т. Кәкішұлы «Әдебиетіміздің арғы бастауы хақында», «Тарихты түптен тартайық», «Иран – Тұран әдебиеттерінің байланысы» атты мақалаларында қазақтың тарихын жасау үшін Қытай мен Иран әдебиетінде, тарихында сақталған мәліметтерді салыстыра пайдалану керектігін ұсынған болатын. «Авеста» кітабы, зороастризм діні, Заратуштра жайлы ғалым зерттеулеріне шолу жасау арқылы оның әдебиеттану ғылымындағы сан алуан мәселелерге назар аударғанын тілге тиек етеді.

«Поэтика саласын зерделеген ғалым» атты мақалада ұлттық әдебиеттануға көп еңбек сіңірген Б. Майтановтың қазақ әдебиетін теориялық, сыни, поэтикалық, танымдық жағынан зерттегендігіне тоқталған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Майтановтың ұлттық әдебиеттанудағы еңбегін «көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің әдістанымдық үлгісін көрсетіп кеткен бірден-бір ғалым» деп бағалауы орынды. Мұнда ғалымның «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Көркемдік нәрі», «Қаһарманның рухани әлемі», «Суреттеу және мінездеу», «Мұхтар Әуезов – суреткер», «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы», «Романның баяндау жүйесіндегі автор», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Абай: Портрет поэтикасы», «Монолог құрылымы», «Әуезов және қазіргі қазақ романындағы эпикалық баяндау үрдістері», «Пейзаждың көркемдік семантикасы» сияқты еңбектері зерттеу нысанына алынған. Автор ғалым зерттеулеріндегі көркем шығармадағы кейіпкер болмысын танытудағы психологизмнің қызметіне, көркем шығармадағы баяндауға, суреттеу жүйесіне, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымына көңіл бөлген.

«Ғалым танымының көкжиегі» мақаласында Қ. Әбдезұлының «Ел мен жер тағдыры», «Кейіпкер және тартыс», «Т. Әлімқұлов және қазақ прозасы», «Т. Әлімқұлов және 60-80 жж. қазақ әдебиеті», «Әдебиет және өнер», «Жазушы және заман шындығы», «Тарих және тағдыр», «Таным көкжиегі», «Семсер» атты зерттеулеріне шолу жасалып, ғалымның ғылыми таным

көкжиегінің кендігі туралы сөз болады. Әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаевтың «Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі» (1981), «Әдеби шығарма» (1986), «Қазақ тарихи романы» (1987), «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Мұхтар Әуезов» (1990), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «М. Әуезов шығармашылығы» (1997) монографиялары мен зерттеулері арқылы «Болмысты герменевтикалық тұрғыдан тандың» басты қағидаларын саралайды. Ол туралы: «Пікір білдіру, сөз айту тиянақты талдауға, талдаудан кейінгі жинақтауға негізделмеген болса, онда одан пайымдаудың ізі де табылмайды. Пайымдау талдауға, бағалау жинақтауға негізделгенде ғана ой негізді, пікір дәлелді бола алмақ. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау дегеніміздің өзі мәнге негізделеді. Ғалым Абайдың шығармашылығына осы тұрғыдан келген дұрыс деп таниды», – деген пікірі құптарлық [1, 186].

«Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» мақаласында Қытай және Монғолия жеріндегі қазақ әдебиетін тыңғылықты зерттеп жүрген ғалым З. Сейітжановтың осы аттас монографиясы зерттеу нысанына алынған. Бүгінгі таңда ғалым зерттеулеріне негіз болған А. Үлімжіұлы, Ш. Көмекұлы, Т. Жолдыұлы, К. Маралбайұлы, Ш. Алғазыұлы, Д. Шалғынбайұлы, Н. Мыңжанұлы, Қ. Қозыбайұлы, Р. Әпшеұлы, Б. Тышқанбайұлы т.б. ақын-жазушылардың шығармалары арқылы Ресей, Қытай, Моңғолия еліндегі қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуынан мол мағлұмат алып жүрміз. Кезінде тағдыр тауқыметімен жер ауа көшкен бауырларымыз бүгінгі таңда шет елдерде өмір сүріп жатқанмен, олардың әдеби мұрасы қазақ әдебиетінің бір бұтағы болып саналатыны даусыз екенін құптайды.

«Халықпен ғұмырлас рухани мұраны зерделеген ғалым» мақаласында ғалым Ж. Тілеповтің «Қазақ поэзиясының тарихилығы» (1994), «Елім деп еңіреген ерлер жыры» (1995), «Тарих және әдебиет: XIV–XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» (2001) еңбектерінде Сыпыра, Асанқайғы жыраулардан бастап, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар, Үмбетей, Нысанбай, Абыл, Махамбет, Шал, Жамбыл, Сүйінбай т.б. ақындардың поэзиясы зерттеу нысанына алынған.

Ғалым зерттеулеріндегі Исатай Тайманов, Досан Тәженұлы мен Иса Тіленбайұлы, Сүйінғара Үргенішбайұлы туралы деректер оқырман назарын өзіне аударады. Ж. Тілеповтің ХҮІІІ-ХХ ғасырларда өмір сүріп, айналасын ән мен жырға бөлеген Қобылан Бөрібайұлы, Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Байбатыр Ержанов, Нарманбет Орманбетов, Мұрын Сеңгірбекұлы, Жамбыл Жабаев, Ығылман Шөрековтердің шығармашылық мұрасы туралы зерттеулері қазақ әдебиетіндегі өнер және өнер иелерінің қатарын толықтыратыны айтылады.

«Жанртану жайындағы жаңа еңбек» мақаласында 2016 жылы шыққан Р. Әбдіқұлованың «Жанр және шығарма» еңбегіндегі әдебиет теоретиктері В.Е. Хализев, Л.И. Тимофеев, Б.В. Томашевский, Я.Е. Эльсберг, Н.П. Утехин, Г.Н. Пospelов, Н.А. Гуляев, Л.В. Чернец, М.М. Бахтин, А.Н. Веселовский т.б. туралы қызықты пікірлері келтіріген. Автор аталған ғалымдардың жанр мәселесіне қатысты түрлі тұжырымдарын салыстыра келіп, олардың арасындағы кереғар пікірлерге назар аударған болатын. Аталған еңбекте көтерілген сан алуан мәселелер жинақтала келгенде, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері болып табылмақ.

«Әдебиет пен топонимика байланысын зерттеген ғалым» мақаласында А.Пангереевтің «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдарының негізгі өзегі әдебиет пен топонимиканың байланысы болып табылады. Аталған зерттеулердің әдебиет пен ономастика, фольклор мен топонимика саласында болуы ғалым еңбектерінің негізгі ерекшелігі болып табылмақ.

«Тәлімді ұстаз, білімді ғалым» мақаласында ұстаздық пен ғалымдықты қатар игеріп жүрген Н.Нұрпейісов туралы сөз болған. Оның «Е. Ысмайылов – әдебиет тарихын зерттеуші» (1999) атты монографиясы мен «Дүрбеленді дәуір зерттеушісі» (2002) ғылыми жинағындағы зерттеу нысанына алынған мәселелерге автор ерекше назар аударған. Әдебиеттанушы ғалым Е. Ысмайылов

туралы монографияда оның әдебиеттану ғылымының білгірі екендігіне, қазақ әдебиетінің кейбір мәселелерін терең зерттеуіне, абайтануға қосқан үлесіне, Әуезовке шәкірт бола жүріп алған өнегесіне, досқа адалдығына, ұстазға деген шәкірттік құрметіне көңіл аударған. Сонымен бірге Н. Нұрпейісовтің С. Қожанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Ә. Байтанаев, З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Мырзахметов, Т. Кәкішев, Қ. Ергөбеков, Д. Ысқақұлы, З. Жұмағалиев, Б. Байтанаев, К. Сыздықов, Ж. Смағұлов сияқты әдебиет зерттеушілерінің әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбектерін ғылыми саралауға қосқан үлесін де ерекше атаған ләзім.

Үшіншісі – қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген көрнекті қаламгерлердің шығармаларындағы поэтика мәселесі туралы зерттеулері. Бұл қатарда «Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ұлттық нақыштар», «Тоғыз толғау» повесть-монологы және шығармашылық тұлға», «Батырдың шығармашылық келбеті», «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы шығармашылық тұлғалар», «Шығармашылық тұлғалар жайындағы орыс тілді туындылар», «Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар» т.б. зерттеулерін атауға болады.

Ғасыр туындысына айналған М.Әуезовтің «Абай-жолы» роман-эпопеясы туралы әдебиеттанушы ғалымдардың барлығы дерлік жазды. Бірақ әр зерттеуші эпопеяның өзіне ұнаған, ерекше әсер еткен тұстарына көңіл аударды. Жазушы мұрасын арнайы зерттеген Н. Рахманова өз зерттеуінде: «Эпопеяның бірінші кітабында Абай өскен ортаның әлеуметтік шындығы барынша ашылады. Абайды ерте есейткен сахарадағы әр түрлі қарым-қатынастар тізбегіне Қодар-Қамқа драмасының, Барлас, Байтас, Шөже жырларының, Бөжей, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Қаратайлармен болған әңгімелесудің, Қарақаралы сапарының, Кәмшат тағдырының өзіндік үлестері бар», – деген болатын [2]. Осы арқылы ғалым Абайдың өскен ортасы мен оған әсер еткен ақындар туралы айтқан.

Эпопеяда кездесетін ақындарды С. Қалқабаева өз ішінен екі топқа бөліп сөз еткен: «Романда бейнеленген ақындарды екі топқа бөлуге болады: халық ақындары және жазба ақындар. Жазба ақындар: Абай, Көкбай, Дәрмен, Мағауия, Шұбар, Әріп,

Ақылбай, Кәкітай т.б. Ал халық ақындары: Барлас, Шөже, Балта, Біржан, Қадырбай, Байкөкше, Қуандық, Дәулеткелді т.б.» [1, 153]. Осыдан зерттеушінің зерттеу нысанына алған шығармаларды аса мұқият қарайтындығы байқалады.

Төртіншісі – ғалымның әдеби процесті бақылып отыратындығы. Оны Р. Әбдіқұлованың «Жанр және шығарма» еңбегі туралы «Жанртану жайындағы жаңа еңбек», «К. Айдарбекованың «Әкеге құрмет», «Анаға тағзым» кітаптары туралы үзік ой» атты сын-рецензияларынан көруге болады.

Қорыта айтқанда, аталған монографияда қазақ әдебиетіндегі бірсыпыра қаламгерлердің шығармаларындағы поэтика мәселесін көтере отырып, әдебиеттану ғылымындағы поэтика саласындағы өзекті мәселелерді қамтуы, поэтика саласының мақсат-міндеттерін айқындауы, теориялық ұғымдарға түсінік беруі, поэтикалық зерттеуді контексте ала отырып қарастыруы жағынан ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

1. Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 234 б.
2. Рахманова Н. Әуезовтану дәрістері. – Оқу құралы. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. – 354 б.